

Зайсан аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2025 жылғы 14 қазандағы № 41/7-VIII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 15 қазанда № 37132 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Зайсан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Зайсан ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" Зайсан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 маусымдағы №24/9-VIII шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9045-16 болып тіркелген);

2) "Зайсан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 маусымдағы №24/9-VIII "Зайсан ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2025 жылғы 28 наурыздағы №32/18-VIII шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9161-16 болып тіркелген).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Е. Загипаров